

описание которой отражает не только практическую проблему, но и актуализирует ранее усвоенный комплекс знаний, чётко сформулировать и квалифицировать проблему и выработать определённый алгоритм деятельности, который ведёт к решению проблемы.

Кейсовый метод решает широкий круг образовательных задач:

- приобретение новых знаний и развитие общих представлений;
- развитие у студентов самостоятельного критического и стратегического мышления, умения выслушивать и учитывать альтернативную точку зрения, аргументировано высказать свою;
- приобретение навыков анализа сложных и неструктурированных проблем;
- развитие здравого смысла, чувства ответственности за принятое решение, умения общаться;
- приобретение навыков разработки действий и их осуществления;
- возможность работать в команде;
- возможность находить наиболее рациональное решение поставленной проблемы.

Таким образом, кейсовый метод способствует развитию умения анализировать ситуации, оценивать альтернативы, выбирать оптимальный вариант и составлять план его осуществления. Если в течение учебного года такой метод применяется неоднократно, то у студентов вырабатывается устойчивый навык решения практических задач.

Подводя итог вышесказанному, нужно отметить, что развитие педагогической науки не стоит на месте, следовательно, нельзя останавливаться на достигнутых результатах. Необходимо искать и пробовать все более новые формы и методы обучения в педагогическом вузе, т.к. будущее казахстанской науки за инновационным процессом.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – М., 2000. – С. 124-130.
- 2 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повышения квалификации пед. кадров / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина – М.: «Академия», 2007. – 368 с.

ПЫСЫҚТАУЫШТЫ ОҚЫТУҒА ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Рамазанова Ш.Ә., Иманқұлова С.М.,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Тілді меңгерту, оны оқытып-үйрету – күрделі құбылыс. Әр оқытушы өз әдістемесін ұсына отырып, өзге әдістемелердің кемшін тұстарын толықтырып отыратын болғандықтан, сол күрделі құбылыстың белгілі бір саласының тармағына ғана ұтымды жол іздейді. Өзге ұлт өкіліне тіл үйретуді неден бастау керектігіне әлі күнге дейін толық жауап берілген жоқ. Оқулықтың барлығы қазақ тілінің фонетикасына, морфологиясына кеңірек тоқталады да, солар арқылы лексиканы ілеспе түрде дамытуға тырысады. Бұның бәрі орынды әдіс. Тіл үйренушінің сөздік қоры жеткілікті болып тұрса, грамматиканы теориялық жағынан көмекке ұсынып, аз уақыттың ішінде нәтижеге жетуге болады. Бірақ нәтижеге қол жеткізудің басты шарты – қазақ тіліне деген қажеттілік. Соңғы кезде қазақ тілін оқып-үйренушілерге арналып жазылған оқулықтардың әдістемелік нұсқалары жарық көрмейтін болды. Қазақ тілін үйренушілерге арналған оқулықтарда грамматикалық синтаксис саласы толық берілмейтіні де қолбайлау болып отыр.

Х. Махмудов, Ғ. Мұсабаевтың «Қазақша-орысша сөздігінің» «Краткий очерк грамматики казахского языка» қосымшасында синтаксис бөліміне екі-ақ бет беріліп, жалпы шолу жасалған. Қалған 54 бет түгелдей морфологияға арналған. Осы грамматикалық қосымшаға көмекші ретінде Ж. Түймебаевтың «Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш» (1991) еңбегі жарық көрді. Бұнда да тоғыз сөз табының қазақша-орысша анықтама-кестесі беріледі. Бұл аз

дегендей, 190 беттің 15-і фонетикаға, қалғаны морфологияға арналған. Г. Рысбаеваның «Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш» (2000) еңбегі де жоғарыда аталған авторлардың үлгісін қайталайды. Осы тұста тағы да ойлануға тура келеді. Грамматикалық анықтағыш неге фонетика мен морфологияны қамтуға тиіс? Фонетикадан бұрын грамматиканың бір саласы саналатын синтаксис туралы анықтама беруге болмай ма?! Синтаксистік анықтамалық қажеттілік тудырып отыр. Себебі, сөздердің сөйлем мүшесі қызметін атқаруы, бірін-бірін толықтыру міндеті туралы да айтатын уақыт жеткен сияқты.

Қазақ тіліндегі баяндауышқа тән ерекшелік – сөйлемнің соңында тұруы. «Грамматикалық анықтауыштарда» етістіктің шақ категориясы толық беріледі. Етістіктер үш шақта жіктеледі. Бірақ сөйлем ретінде қарастырылмайды. Осы жіктелген етістіктерді баяндауыш ретінде алып (әрине, бастауыш жаққа байланысты айқындалып тұрады), оны ары қарай тұрлаусыз мүшелермен толықтырса, айтылатын ойдың мағынасы да күрделене түсер еді. «Кел» етістігінің жедел өткен шақтың бірінші жағында (жекеше) жіктелуін күрделендіріп көрейік.

1-үлгі:

қашан?

Менқайда? келдім.

қалай?

қайдан?

2-үлгі:

қашан? қайдан?

Менқайда? қалай? келдім.

қайдан? не үшін?

Тіл үйренуші берілген сұрақтардың орнына қажетті сөздерді қою арқылы ойын толық жеткізе алады. Мезгілге, мекенге, қимыл-сынға қатысты сөздермен танысады.

Ұсынылған үлгілерден көріп отырғанымыздай, тұрлаусыз мүшелердің шақ түрін күрделендіруге тиімдісі **пысықтауыш** болып табылады, яғни кез келген шақ түрінде жіктелген жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыруға ыңғайлысы да – **пысықтауыш**.

Пысықтауыштың етістіктен болған сөйлем мүшелерімен байланысы оқулықта баяндалған. Өзі пысықтайтын сөйлем мүшесінің мезгілдік, мекендік, мөлшерлік, мақсаттық, сынбейнелік қасиеттерін ерекшеленуіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді.

Орыс тілді ортада пысықтауыштың түрлерін жеке-жеке атап, әрқайсысына арнайы талдау жасаудың қажеті шамалы. Пысықтауыш түрлерінің қандай қызмет атқаруы емес, қандай мағына беруі – басты мәселе.

Пысықтауыштың жасалу жолы, негізінен, екі бағытта көрініс береді. Біріншісі – барыс, жатыс, шығыс септігіндегі зат есімдер. Бұл септіктерде тұрған зат есімдердің бәрі қайда? қайдан? сұрақтарына жауап беруі арқылы мекен пысықтауыштық мәнді иеленеді.

Мысалы:

- Ауылына қайтты. Мекен-бағыттық мағына.

Барыс септігінде.

- Ауылда тұрады. Мекен – орындық мағына.

Жатыс септігінде.

- Ауылдан қайтты. Мекен-бағыттық мағына.

Шығыс септігінде.

Бұл үш септіктегі сан есімдер қашан? қашаннан бері? қашанға шейін? сұрақтарына жауап бере отырып, мезгілдік мәнді білдіреді.

Жатыс септігіндегі сан есімдер дара тұлғада тұрып, мезгіл пысықтауыштың міндетін атқарады.

- Саған тоғызда келген едім.

Барыс, шығыс септігіндегі сан есімдер мұндай міндетті атқару үшін септеулік шылаулармен тіркесіп, күрделі тұлғада ғана кездеседі.

- Тоғызға дейін күтіп отырдым.

- Тоғыздан бері күтіп отырмын.

Пысықтауыштың екінші жасалу жолы үстеулерге қатысты. Өйткені, үстеулер сөз табы ретінде етістікке тәуелді. Сөйлем мүшесі ретінде пысықтауыштың да етістікке тәуелді екенін білеміз. Осы ортақ белгіні білген тіл үйренуші ойын сөйлеммен жеткізуге тырысқаны жөн. Яғни, сөз табы ұғымына көше, қазақ тілі грамматикасын түсіну ұғымы да кеңейе түседі. Морфологияда өткен үстеу түрлері қалай аталса, сол үстеулерден болған пысықтауыш түрлері де солай аталады.

Пысықтауыштың ойды күрделендірудегі қызметі де осы тұста айқын байқалады. Шақ түріне жіктелген етістікті пысықтауыш түрлерімен толықтыра отырып, сатылы сөйлем құрау әдісіне көшуге болады.

1. Ол келді – жалаң сөйлем.

2. Ол бүгін келді – мезгіл пысықтауышы бар.

3. Ол бүгін Алматыға келді – мекен, мезгіл пысықтауыштары бар.

4. Ол бүгін Алматыға Астанадан келді – мезгіл және екі мекен пысықтауышы бар.

5. Ол бүгін Алматыға Астанадан оқуға түсу үшін келді – мезгіл – мекен – мекен – мақсат пысықтауыштары бар.

Сөйлемдерді пысықтауыштар арқылы сатылы түрде күрделендіру басқа тұрлаусыз мүшелерге қарағанда мүмкіншілігінің молдығын көрсетеді: студент сөздік қорын сатылап дамытуға, қадағалап қолдануға дағдыланады. Бір сөйлемдегі 4-5 пысықтауыштың орнын басқа сөзбен ауыстыру үшін тағы 4-5 жаңа сөз үйренеді. Әр сөз сөйлеушінің кәдесіне жарамаса, есіне сақтау қажеттілігін туғызбайды. Бүгін не істеу керек екенін білмесе, «бүгін» сөзінің қажеті шамалы. Бір-бірімен байланыссыз (грамматикалық та мағыналық та) сөздердің мыңын білгенмен, басын біріктіріп айтатын бір сөйлем құрастыра алмаса, тіл үйрену мен тіл үйретуден нәтиже шықпайды.

Пысықтауышты оқытудың бастапқы бағыты – сауал арқылы жауап тапқызып жаттықтыру. Алдымен сұрақтарды жазып қойып, не оқып сол сұрақтарға жауап беруге жетелеу қажет. Мысалы, қайдан, қашан, неге, қайда, не себепті, неліктен? т.с.с. Қайда – Сен қайда тұрасың? Қайда оқисың? Қайда барасың? Қайда жүрсің? т.с.с. Әрине жауаптары мекен пысықтауыш арқылы беріледі. Студенттерді сауатты сөйлеу, дұрыс жазуға үйрету үшін де қойылатын сауалдың өзі танымдық, тағылымдық сипат алғаны жөн. Осыдан кейін үлестірме қиықшаларға жазылған он сұрақ таратылып беріліп, ауызша әңгімелеуге бейімдеп, артынша терме диктанты арқылы пысықтауыштарды ғана жазғызуға дағдыландыру шарт. Сонда ғана студент сөйлеуге де, жазуға да жаттыға түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.Б. Казахский язык. – Алматы, 2004.

2 Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 1996.

3 Күзекова З.С., Әбдіқұлова Р.М. Қазақ тілі. – Алматы, 2011.

4 Түймебаев Ж. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. – Алматы, 1991.

5 Рысбаева Г. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. – Алматы, 2000.